


ИНФОРМАТИКА

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Сыйымдылығы үлкен есте сақтау құрылғысы
 - A) жұмсақ диск
 - B) лазерлік диск
 - C) иілгіш диск
 - D) қатқыл диск
2. Санжардың Google Drive–та өзінің кіріс пен шығысын есептеуде пайдаланатын құжаты
 - A) Google кесте
 - B) Google форма
 - C) Google презентация
 - D) Google күнтізбе
3. Шешімді қабылдау үшін мәліметтердің жеткілікті болуын немесе солардың негізінде жаңа деректер құруын сипаттайтын қасиет
 - A) дәлдік
 - B) нақтылық
 - C) құндылық
 - D) толықтылық
4. Python программалау тілінде шартты тексеруге арналған оператор
 - A) while
 - B) for
 - C) if - else
 - D) continue
5. Бүкіл әлем бойынша орналасқан зақымдалған құрылғылардың желісі
 - A) ботнет
 - B) зиянды программа
 - C) құрт
 - D) DoS шабуыл

6. Берілген сызда процессордың көрсетілмеген бөлігі



- A) регистрлер блогы
 - B) командалық кэш жад
 - C) шиналар блогы
 - D) арифметикалық-логикалық құрылғы
7. Белгілі бір тапсырманы орындауға бағытталған программалық жасақтама
- A) қызметтік
 - B) қолданбалы
 - C) жүйелік
 - D) базалық
8. Қазіргі компьютерлік мәтіндік құжаттарда символдарды кодтау стандарты таралған Unicode коды
- A) 16 биттік
 - B) 32 биттік
 - C) 1 байттық
 - D) 8 биттік
9. Деректер қорында негізгі кестенің бір жазбасына бағынышты кестенің бір жазбасы сәйкес келуі
- A) көптен-көпке
 - B) біреуден-көпке
 - C) көптен-екеуге
 - D) біреуден-біреуге
10. Барлық шектеулер мен қиындықтарды бір сәтке ұмытуға мүмкіндік беретін шынайылық
- A) аралас
 - B) кеңейтілген
 - C) виртуалды
 - D) гибридті

11. Алгебра пәнінен формативті бағалаумен үздік оқушыны олимпиадаға іріктеу

	A	B	C
1	Оқушының аты-жөні	Алгебра	Нәтижелері
2	Акбаева Аружан	10	uzdik
3	Амелева Диляра	7	uzdik emes
4	Ахтаев Ислам	7	uzdik emes
5	Адылканов Амир	8	uzdik
6	Бақытказы Дана	10	uzdik
7	Сәрет Нұрхан	5	uzdik emes
8	Балмағанбет Асанали	9	uzdik
9	Қонақбаев Самғат	6	uzdik emes
10	Қазақбаев Әлібек	4	uzdik emes

A) =ЕСЛИ(ИЛИ(B2=10;B2>10); "uzdik";"uzdik emes")

B) =ЕСЛИ(И (B2=10;B2>8); "uzdik";"uzdik emes")

C) =ЕСЛИ(ИЛИ(B2=8;B2>8); "uzdik";"uzdik emes")

D) =ЕСЛИ(И (B2=10;B2>10); "uzdik";"uzdik emes")

12. Программа нәтижесінің мәні

a=2

b=2

if a>1 or a<b:

b+=7

if a>1 or a==b:

b+=4

print (b)

A) 2

B) 13

C) 6

D) 9

13. Берілген кестеде соңғы нәтиже өшіріліп қалған, кестені баған бойынша толтырғандағы мәндері

A	B	C	\bar{A}	$B \vee C$	$\bar{A}_k(B \vee C)$
0	0	0	1	0	
0	0	1	1	1	
0	1	0	1	1	
0	1	1	1	1	
1	0	0	0	0	
1	0	1	0	1	
1	1	0	0	1	
1	1	1	0	1	

A) 1,1,1,1,1,1,0,0

B) 1,0,1,0,1,0,1,1

C) 0,1,1,1,0,0,0,0

D) 1,1,1,0,0,0,1,0

14. Көпкестелік деректер қорының кестелерін біріктіретін кілттік өріс
- type
 - id_name
 - price
 - adress
15. PHP коды HTML тегтерінен мына символдармен арқылы ажыратылады
- <"...">
 - <#...#>
 - <\$...\$>
 - <? ...?>
16. Нейронды желі түріне жатпайтын желі
- бірбағытты
 - көпқабатты
 - біртекті
 - бірқабатты
17. Сүт өнімінің ең жоғарғы деңгейдегі майлылығын анықтайтын ұяшық диапазонын көрсетіңіз

Сүт өнімдері					
№	Сүт атаулары	Майлылығы %	Бағасы	Саны	Жалпы сомасы
1	Парашал	3,5	290	25	7250
2	Талшықорған	6	380	33	12540
3	Жетісу	10	560	10	5600
4	Бақи-Сұлу	6,5	450	15	6750
		10			

- =МАКС(B3:C6)
 - =МАКС(C3:B6)
 - =МАКС(B3:B6)
 - =МАКС(C3:C6)
18. $97_{10} - 1001111_2 + 15_8$ өрнектің мәні
- 65_{10}
 - 81_{10}
 - 31_{10}
 - 35_{10}
19. «mekeme» кестесінің ID=2 жолындағы күнді(датаны) «10.02.2022» жаңартылған нәтижесін көру үшін төменде келтірілген скриптті орындау қажет

ID	Kizmetkerler	Kabyldangan kun	ID	Kizmetkerler	Kabyldangan kun
6	Сәрет Нұрхан	25.01.2021	6	Сәрет Нұрхан	25.01.2021
2	Амелева Диляра	12.02.2018	2	Амелева Диляра	10.02.2022
4	Адылканов Амир	03.02.2012	4	Адылканов Амир	03.02.2012

- SELECT*FROM mekeme WHERE ID=2;
- SELECT*FROM mekeme SET ID=2;
- SELECT*FROM mekeme DELETE ID=2;
- SELECT*FROM mekeme UPDATE ID=2;

20. JavaScript мүмкіндіктеріне жатпайды

- A) батырмалар арқылы жауап беру
- B) ойындар құру
- C) анимация құру
- D) алгоритмді тексеру

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Анасы Жеңіске ақша беріп дүкеннен алма, банан, мандарин сатып алып келуді өтінді. Жеңіс дүкенге бармас бұрын, дүкеннің инстаграмм парақшасынан жемістердің бағасын анықтап алды: алма - 350 теңге, банан - 600 теңге, мандарин - 800 теңге. Жеңіс жалпы сумманы жеткізу мақсатында дайын программаға әр жемістен қанша кг алатынын енгізіп, бағаларын шығарып алуға тырысты. Алайда программада қате табылды. Жеңіске қатені табуға көмектесіңіз.

```
n = int(input('alma='))
m = int(input('banan='))
k = int(input('mandarin='))
if n>0 or n<=5:
    n1=n*350
    print ('alma bagasi=',n1)
if m>0 and m<=3:
    m1=m*600
    print ('banan bagasi=',m1)
if k>0 or k<=5:
    k1=k*800
    print ('mandarin bagasi=',k1)
```

21. Есептің шартында қолданылған алгоритм түрі
 - A) логикалық
 - B) циклдік
 - C) сызықтық
 - D) тармақталған
22. «AND» логикалық амалы
 - A) қосу
 - B) көбейту
 - C) терістеу
 - D) азайту
23. Жеңіс программаға $n=6$, $m=4$, $k=2$ мәндерін енгізгенде программа толық орындалмады. Программаның толық орындалмай тұрған жолы
 - A) $k1=k*600$
 - B) `if k>0 or k<=5:`
 - C) $n1=n*350$
 - D) `if m>0 and m<=3:`
24. $n=3$, $m=2$, $k=4$ мәндерін енгізгендегі программа нәтижесі
 - A) `alma bagasi= 3200 banan bagasi= 1200 mandarin bagasi= 1050`
 - B) `alma bagasi= 1050 banan bagasi= 3200 mandarin bagasi= 1200`
 - C) `mandarin bagasi= 3200 alma bagasi= 1200 banan bagasi= 1050`
 - D) `alma bagasi= 1050 banan bagasi= 1200 mandarin bagasi= 3200`

25. Егер анасы 3600 теңге берген болса, Жеңіс 3 кг алма, 2 кг банан, 1 кг мандарин алуға ақшасы жетеді ме? Ақшаның жететінін немесе жетпейтінін білу үшін программа соңына жызалатын дұрыс код жолдары

A)

```
s=n1+m1+k1
print ('sum=', s, 'tenge')
if s>=3600:
    print ('jetpeidi')
else:
    print ('jetti')
```

B)

```
s=n1+m1+k1
print ('sum=', s, 'tenge')
if s=3600:
    print ('jetpeidi')
else:
    print ('jetti')
```

C)


```
s=n1+m1+k1
print ('sum=', s, 'tenge')
if s<=3600:
    print ('jetpeidi')
else:
    print ('jetti')
```

D)

```
s=n1+m1+k1
print ('sum=', s, 'tenge')
if s=>3600:
    print ('jetpeidi')
else:
    print ('jetti')
```


Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

26. Қазақстан өзендерінің ұзындығы диаграммасының түрі



- A) гистограмма
 - B) аймақтармен
 - C) дөңгелектік
 - D) биржалық
 - E) сызықтық
 - F) нүктелік
27. $111_2, 111_8, 111_{16}$ сандарын ондық санау жүйесіне аударғандағы мәндері
- A) 70_{10}
 - B) 273_{10}
 - C) 6_{10}
 - D) 7_{10}
 - E) 73_{10}
 - F) 72_{10}
28. Краудфандингте қайырымдылық ретінде ақша беретін тұлғалар
- A) сатушы
 - B) реципиенттер
 - C) инвестор
 - D) демеуші
 - E) авторлар
 - F) донор
29. Бір түйіннен екінші түйінге ақпаратты жіберу, алу, табу үшін қажетті бірегей мекенжай
- A) протокол
 - B) домен
 - C) e-mail
 - D) IP-мекенжай
 - E) HTTP
 - F) электронды почта

30. «Тіркеу куәлігі», «Тіркеу куәлігінің иесі» ұғымдарын сипаттаңыз
- A) компьютер мен ақпараттық технологияларды пайдалана білу
 - B) ақпарат қорларының тұтастығын, қолжетімділігін, құпиялылығын қамтамасыз етеді
 - C) өз атына тіркеу куәлігі берілген, жабық кілтке ие жеке немесе заңды тұлға
 - D) пайдаланушыға ақпарат беру тәртібін белгілеу
 - E) куәландырушы орталық ЭЦҚ Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін қағаз немесе электронды құжат
 - F) ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз етуші
31. Сызбада көрсетілген логикалық функция (функциялар)



- A) $F = A + \bar{B}$
 - B) $F = A$ немесе \bar{B}
 - C) $F = A * \bar{B}$
 - D) $F = A \vee \bar{B}$
 - E) $F = A \wedge \bar{B}$
 - F) $F = A$ және \bar{B}
32. Берілген html-кодта тақырыптар жазылған тегі жабылмай қалған қатарды көрсетіңіз

```

1 <html>
2 <head>
3 <title> мысал </title>
4 </head>
5 <body>
6 <h1> ӨЛЕҢ <h1>
7 <h2> Абай <h2>
8 <p> Айттым сәлем, қаламқас, <br>
9 Саған құрбан мал мен бас. <br>
10 Сағынғаннан сені ойлап <br>
11 Келер көзге ыстық жас. </p>
12 <p> Көзімнің қарасы, <br>
13 Көң ілімнің санасы. <br>
14 Бітпейді іштегі, <br>
15 Ғашықтық жарасы. </p>
16 </body>
17 </html>
18

```

- A) 6
- B) 15
- C) 9
- D) 8
- E) 7
- F) 10

33. Программа фрагментінің нәтижесіндегі мән(-дер)

```
s='Компьютер №'; print(s.isdigit())  
print(len(s))  
print(s+'22')
```

- A) False
- B) Компьютер №22
- C) 11
- D) 9
- E) ия
- F) True

34. $A * (\neg B)$ формуласы бойынша ақиқат кестесін құрыңыз

A	B	$\neg B$
1	1	0
1	0	1
0	1	0
0	0	1

A)

$A * (\neg B)$
1
0
0
0

B)

$A * (\neg B)$
0
0
0
0

C)

$A * (\neg B)$
0
1
1
1

D)

$A^*(\neg B)$
0
1
0
1

E)

$A^*(\neg B)$
0
1
0
0

F)

$A^*(\neg B)$
1
1
0
0

35. Деректер қорына негізделген формалар шаблонын жасауда web-браузерді қолдайтын форма шаблонын жасауға болады. Осы код нәтижесінде алынатын бір жолды мәтін енгізу өрістері

`<form>`

Логин:`
`

`<input type="text" name="login">
`

Құпиясөз: `
`

`<input type="text" name="password">`

`</form>`

A) Қосқыш

B) Құпиясөз

C) Логин

D) Аты

E) Тізім

F) Жынысы